

Көзге көрінетін оқу

Профессор Джон Хэтти

Окленд университеті

Жаңа Зеландия

# Көзге көрінетін оқу дегеніміз не?

- Көзге көрінетін оқу – бұл 15 жылдық зерттеу нәтижесі, ол мектеп оқушыларының оқу үлгеріміне әсер ету деген тақырыптағы 800-ден астам метаталдауды (500-ден астам жұмыстарды) қорыту. Ол мектептегі оқытуды жақсартуға ненің шынымен де әсер ететіні (ненің әсер етпейтіні) туралы сындарлы зерттеулердің ең үлкен топтамасы болып табылады.

# Метаталдау және әсер мөлшері

- Білім беру саласындағы көптеген инновациялар мен стратегиялар «жұмыс істейді» деуге болады, себебі олардың оң әсері бар.
- Бірақ мұғалімнің қолдауынсыз, дербес жұмыс істейтін оқушы үлгерімінің жақсарғанын тек бір жылдан кейін ғана көрсетуі мүмкін.
- 1976 жылы Джене Гласс метаталдау ұғымын енгізген болатын – бұл жағдайда әр жұмыстың әсері жалпы өлшем бірлігіне немесе **әсер мөлшеріне** айналады.
- 1.0-ге тең әсер мөлшері оқыту деңгейін 50% жақсартады және бұл аталған әдіспен оқытылған оқушылар, орташа есеппен алғанда, басқа әдіспен оқытылған оқушылардан 84%-ға озады дегенді білдіреді.
- Оқушылардың кем дегенде жартысы жылына 0.4 (иілу нүктесі) әсер мөлшеріне қол жеткізеді, сондықтан 0.4-ке тең әсер мөлшері бар кез келген іс көзге көрінеді.

# Оқушылардың оқуына әсер ету

Күтілетін нәтижелер

Білімді жетік меңгеру үшін оқыту

Үй тапсырмасы

Мақсат қою

Кері байланыс Мектептің мақсаты мен саясаты

Қабілеттері бойынша

Өзара оқыту

бөлу

“Мұғалім-оқушы” өзара қарым-қатынасы

# «Гауһартас» тапсырмасы

- Әріптесіңізбен оқушылардың оқу үлгеріміне әсер ететін 9 факторды талдаңыз;
- Оларды оң әсер ету дәрежесіне қарай (орташа алғанда) сатылап, гауһартас түрінде орналастырыңыз;
- Олардың неліктен осылай әсер ететіні туралы ойланыңыз.



# Оқушылардың оқуына әсер ететін факторлар

Кері байланыс

«Мұғалім-оқушы»

қарым-қатынасы

Мақсат

Өзара оқыту

Білімді жетік

меңгеру үшін оқыту

Күтілетін

қою

нәтижелер

---

Үй тапсырмасы

Мектептің мақсаты мен саясаты

Қабілеттері бойынша бөлу

# Оқушылардың оқуына әсер ету

*Джон Хэтти, 1999-2009 – барлық инновация әдістерін қамтитын 180,000 жұмысты зерттеу*

әсер мөлшері

- Кері байланыс 0.73
- «Мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы 0.72
- Жетік меңгеру үшін оқыту 0.58
- Мақсат қою 0.56
- Өзара оқыту 0.55
- Күтілетін нәтижелер 0.43
- Үй тапсырмасы 0.29
- Мектептің мақсаты мен саясаты 0.24
- Қабілеттері бойынша бөлу 0.12

Егер кері байланыс  
соншалықты маңызды болса,  
онда сыныпта кері  
байланыстың қандай түрін  
қолдану қажет?

Жұп болып 2 минут талқылаңыздар



# “Жақсаруға қол жеткізудегі ең ықпалды қару – кері байланыс”

- Кері байланыстың саны емес, сапасы маңызды.
- Мұғалім берген түсініктемелердің көбін оқушылар бағаламайды және назарына алмайды.
- Ойлау деңгейі дамыған оқушылар кері байланысты құптап, оны өздерінің оқу үлгерімін жақсарту үшін қолданады.
- Жазбашаға қарағанда, ауызша кері байланыс анағұрлым тиімдірек.
- Ең тиімді кері байланыс **оқушыдан мұғалімге беріледі.**

Оқушылардан қалайша көбірек  
кері байланыс алуға болады?

Оқу үлгерімін арттыру үшін  
кері байланысқа қалай әрекет  
етуіміз қажет?

Жұп болып талқылаңыздар

# Күтілетін нәтижелер

- *Оқушыларды оқытудан күтілетін нәтижелер неге негізделген?*

# Дуеск пен Иосиф (1983) айтқан екен:

- Тартымдылық
- Балаға ерік беру
- Бала туралы жалпы ақпарат
- Әңгімелесу сабағы!
- Вайнштейн (2002) оқушылардың әр мұғалімнің өздеріне әртүрлі қарайтынын, әрі мұғалімдер кейбір оқушылардан тым жоғары нәтиже күтетінін білетіндігін көрсетті!
- ***БІЗ ӨЗ КІНӘМЫЗДЫ МОЙЫНДАЙМЫЗ, БІРАҚ МАҢЫЗДЫСЫ - БІЗ ХАБАРДАРМЫЗ. Біз тосын сыйларға дайын болуымыз керек! Біз оқушылардан теріс қылық күтуді тоқтатуымыз керек. Біз мұны командалық қызмет ретінде пайдалана аламыз ба?***

# Күтілетін нәтижелер: Үлгерім деңгейі бойынша бөлу және дүниетаным

- **Үлгерім деңгейі бойынша бөлу:** Мұғалімнің мақсаты әр баланың қабілетін дамыту болып табылатындармен салыстырғанда, әртүрлі бағыт үшін белгілі бір қабілетті таңдауды мақсат еткен (үлгерім деңгейі бойынша бөлінетін мектептер сияқты) сыныптар арасында айырмашылық бар.
- **Бекітілген және дамыған дүниетаным:** Мұғалімдер үлгерімді (немесе ойлау қабілетін) өзгерту қиын, себебі ол өзгермейтін және туа біткен деп санайтын сыныптарда да айырмашылық бар. Басқа мектептерде мұғалімдер үлгерімді өзгертуге болады деп есептейді (Кэрол Двек, 2006).
- **“Тосын сыйларға дайын болу”** күтілетін нәтижелердің теріс әсерін болдырмауға арналған тілек сияқты көрінеді.

# Мақсат қою

- Қол жеткізуге болатын қызықты мақсаттардың оқу үлгеріміне оң әсер етуінің айқын дәлелі бар, ол үшін **ол мақсаттарды белгілеуге балалардың өздері қатыстырылуы тиіс.**
- Локе мен Латам (1990) оқу үлгерімі оқушылардың қабілетіне қарай “қолда бар мүмкіндікті жасау” мақсатына қол жеткізгенде емес, мұғалімдер анықтаған деңгейге дейін артатынын анықтады. **Мақсаттың күрделілік деңгейі мен оқу үлгерімі арасында тікелей байланыс бар.**
- Мақсаттың келешегі зор болып, алға қойылған мақсаттың күрделілік пен қажеттіліктеріне қарай оқушылардың ынтасын арттыратын болса, ол оқушыға қуат беретін қасиетке ие болады.
- Мақсатқа бағдарлаудың көмегі бар, бірақ ол міндетті емес, бірақ бағыт-бағдарға ерекше мән беретін ерекше қажеттілігі бар оқушылар үшін бұл маңызды.

# Мақсат қою – Жеке қажеттілік

- Мартин (2006) оқушыларға тапсырмалар мен оқиғаларға бағдарланған мақсат қоюға көмектесетін жақсы тәсіл “жеке қажеттілік” ұғымын қолдану болып табылатынын мәлімдеді.
- Ол жеке қажеттілікті белгілеу оқуға деген ынтамен, мектептен рахат алу, сыныптағы жұмысқа белсенді қатысу және тапсырмаларды орындаудағы табандылықпен байланысты екенін білді.

Сіздің оқушыларыңыз  
мақсатқа қол жеткізуге  
қатыстырылған ба?

Жеткілікті дәрежеде жоғары,  
бірақ қол жеткізуге болатын  
мақсаттар қойылған ба?

Жұп болып талқылаңыздар



# Білімді жетік игеру үшін ОҚЫТУ:

Барлық балалар ұжымдық жұмыс барысында білімді меңгеруге көңіл аударған жағдайда білім алады.

Сыныпта оқу үшін қажетті жағдайлар мыналар:

- Сыныптастар арасындағы жоғары деңгейдегі өзара әрекеттестік;
- Педагогтің қайталанып отыратын және диагностика жасауды көздейтін мақсатты кері байланысы;
- Белгілі бір білім деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін бақыланатын уақыт.

Сіздің сыныбыңыздағы  
қалыптасқан ахуал мен оқу ортасы  
білімді жетік меңгеруге көмектесе  
ме?

Осындай оқытуды қолдануға мүмкіндік  
жасау үшін не істей аламыз?

# «Мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы

- Сыныпта ілтипатты әлеуметтік-эмоциялық ахуалды дамыту, жұмысқа ынталандыру, яғни барлық оқушыларды оқыту үдерісіне тарту педагогтерден прогресс, қарым-қатынас және оқушылар туралы белгілі бір көзқарастарды түсінуді талап етеді.
- Олар өздерінің рөлі – өзгерістің бастамашысы екенін – барлық оқушылар оқи және дами алатындығын, білім беру өзгеріп тұратындығын, әрі тұрақты емес екенін, оқушылардың да өзінің оқуы туралы ойлануы тиімді екенін түсінуі қажет.

*Көзге көрінетін оқу. 128-бет, Педагогтердің үлесі – Дж.Хэтти, 2009.*

- Рассел Бишоптың ғылыми жұмысында оқушылардан, мектеп әкімшілігінен, мұғалімдерден оқушының үлгеріміне ең басты әсер ететін не екендігі сұралды.
- *ОЛАР ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРДІ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗДАР?*

# ЖАУАПТАР

- Мұғалімдерден басқасының барлығы «оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас» деп жауап берді!!!!
- Ал педагогтер былай деп есептейді:
  - Баланың ұстанымы мен бейімділігі;
  - Үйдегі ахуалдың балаға әсері;
  - Мектепте жұмыс істеу үшін жасалған жағдай;
  - НЕМЕСЕ оқымайтын оқушылар – басқаша алғанда, «ақылы кем» оқушылар.

*Біз осындай пікірмен қалай күресе аламыз?*

# Қабілеттері бойынша бөлу

- 4 жасында сынып бойынша бөлінген балалардың 88%-ы мектеп бітіргенше сол сыныптарында қалады

*(Аннабэль Диксон, Форум, 2002)*

# Қабілеттері бойынша бөлу

- Сынып бойынша (0.12) және сынып ішінде (0.16) бөлу әсерлерінің мөлшері екеуінде де төмен.
- Балалар қабілеттері бойынша бөлінген жағдайда күтілетін нәтиже мен мақсат қоюдың маңызы арта түседі.

- “Егер мектеп қабілеттері бойынша аралас сыныптарды қолдануды жалғастыратын болса, оларға осы сияқты мектептермен салыстырғанда аса жоғары білімге қол жеткізуді үйрену қажет болады.”
- Зерттеулер мұндай жүйе үлгерімнің жақсаруына әкелмейтінін көрсетіп отырса да, неліктен мектептер оқытуда қатаң ережелерді сақтауды жалғастыруда?



Өз бетінше жұмыс істей алатын  
оқушыларды даярлау

Сізге екі нәрсе қажет:

Әлемдік деңгейдегі мектептердің  
озық тәжірибесі

Білікті мұғалімдер

# Әлемдік деңгейдегі мектептер

- Оқушының ілгерілеуіне көмектесетін ахуалды қамтамасыз етеді;
- Ақпаратты ашық және ақылмен қолданады;
- Эксперименттік жолмен алынған деректерді қолданады;
- Оқытуды жақсарту үшін ынтымақтасады;
- Білікті мұғалімдерді даярлайды.

*Жоғары білікті мұғалімдерді даярлау – Джон Хэтти, Окленд университеті, 2003*

Тәжірибелі және білікті  
мұғалімдердің арасында  
қандай айырмашылық бар?

Жұп болып 2 минут талқылаңыздар

Үлестірме материалға қарамаңыз

# Білікті мұғалім ретінде Сіз:

**Әріптестермен төмендегілерді талқылау үшін үнемі жолығып тұрасыз:**

- Олардың жеке жетістіктері және олардың оқушыларының ілгерілеуі туралы фактілер;
- Сіз оқытуды қалай жақсартта алдыңыз;
- Сіз оқытуды қалай өзгерттіңіз;
- Сіздің қазіргі уақытта жасап жатқан істеріңіздің қалағандай әсері мен ойдағыдай нәтижесі болмаса, мұны қалай өзгертуге болады?

*Білікті мұғалімдерді даярдау (тәжірибелі және білікті мұғалімдер арасындағы айырмашылық) – Джон Хэтти, Окленд Университеті, 2003*

# Мұғалім

- “Мұғалімдердің барлығы табысты бола бермейді, мұғалімдердің барлығы өз ісінің сарапшысы емес және мұғалімдердің барлығы оқушыларға оң ықпал ете бермейді. Мұғалімдердің оқушыларға жасайтын ықпалындағы айырмашылық осы ғана, бірақ ең маңыздысы да – осы.
- Сарапшы мұғалімдер үш бағыт бойынша ерекшеленеді:
- **Проблемаларды шешу қабілеті;**
- **Ойластырылған түсініктеме беру;**
- **Бақылау және кері байланыс.**

*Сіз өз оқушыларыңызға тиімді әсер етесіз бе? Мұндай тоқтамға қалай келдіңіз?*

*Жұп болып талқылаңыздар.*

**Сіз мына мәселелерді талқылағанда,  
өзіңізді психологиялық тұрғыдан жайлы  
сезінесіз бе:**

- Сіздің сыныбыңыздың жетістіктері мен кемшіліктері;
- Сіздің оқытуыңызды жақсарту тәсілдері (балаларды, оқу жоспарын, ресурстарды, сыныптағы оқушылар санын, жағдайды емес...);
- Сіздің істеп жатқан ісіңіздің шынайы бағасын қандай тәсіл арқылы алуға болады (балалар емес);

Жұп болып 2 минут талқылаңыздар.

# Оқушылардың оқуына әсер ету – аралық проблема

«Оқушылардың үлгерімін одан әрі жақсартуға байланысты ең маңызды проблема – бұл мұғалімдер үшін ілгерілеу туралы кеңінен тараған пікірді түсіну қажеттігі. Оқушы бір мұғалімнен басқа мұғалімге ауысқанда, ол өзі үшін анағұрлым күрделі тапсырмалармен кездесетіндігіне, жаңа мұғалімнің күтетін нәтижелері бұрынғы мұғалімінің күтетін нәтижелеріне ұқсас болатындығына, оқушы оның оқу үлгерімін жыл басындағыдан анағұрлым жақсарта алатын мұғаліммен жұмыс істейтіндігіне еш кепілдік жоқ».

*Көзге көрінетін оқу. Джон Хэтти (2009)*

# Джон Хэтти оқыту өнері туралы

“...оқыту үдерісі сабақ барысын құрғаннан кейін, ақпарат берілгеннен кейін және сыныпты ұйымдастыруға қол жеткізілгеннен кейін өз деңгейіне жетеді. Оқыту өнері және оның басты табыстары «бұдан әрі не болады» дегенмен байланысты - оқушы білім мен дағдыны қалай ойластыратынына, қолданатынына, жоққа шығаратынына және/немесе қайтадан алатынына, оқушының басқа мәселелерді шешу үшін білімін қалай байланыстырып, қолданатынына, оқушының мұғалім оқытатын әдістер мен мазмұнға байланысты сәттіліктерге немесе сәтсіздіктерге қалай әрекет ететініне мұғалімнің жауапты әрекеті.

**Оқыту – бұл ерікті, дербес, күш салуды қажет ететін үдеріс. Бұл – ынтаны, шыдамдылық пен мұқияттылықты талап ететін (мұғалімдер мен оқушылар тарапынан), өзіндік серпіні болуы мүмкін байырғы, баяу, бірізді үдеріс.”**